

Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың (сатудың), тіркеудің, жобалаудың, салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 қазан N 1293. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы N 327 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы N 327 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың (сатудың), тіркеудің, жобалаудың, салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдарды және жоғары жиіліктегі құрылғыларды алу, жобалау, жасау (орнату), пайдалану және шет елдерден әкелу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 9 қазандағы N 851 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 39, 588-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған сәтінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 6 қазандағы

N 1293 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды

**сатып алудың (сатудың), тіркеудің, жобалаудың,
салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің
ЕРЕЖЕСІ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың (сатудың), тіркеудің, жобалаудың, салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің жалпы тәртібін анықтайды.

Радиоэлектрондық құрал деп радиотолқындарды таратуға және қабылдауға арналған бір немесе бірнеше радиотаратушы және (немесе) радиоқабылдаушы құрылғылар мен қосалқы жабдықтардан (егер мұндайлары болса) тұратын техникалық құрал түсініледі. Радиоэлектрондық құралдарға жұмысы кезінде жиіліктері 9 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі электромагниттік тербелістерді пайдаланатын радиостанциялар, радиотелефондар, радионавигация, радиоанықтау жүйелері, теледидар және радиохабарларын таратудың жүйелері және басқа да құралдар жатады.

Жоғары жиілікті құрылғылар деп өнеркәсіптік немесе эксперименттік жоғары жиілікті қондырғылар, қуаты ақпарат берумен байланысты емес технологиялық және басқа да мақсаттар үшін пайдаланылатын осцилляторлары бар жоғары жиілікті медициналық аппараттар, сондай-ақ жұмыс істеуінде жиіліктері 9 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі электромагниттік тербелістерді пайдаланатын, оқу мақсаттарына арналған және эфирге шықпай пайдаланылатын радиотаратушылар және басқа да құрылғылар түсініледі.

2. Осы Ереженің талаптары сәулелену қуатына қарамастан 9 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиілік өрісінде, Қазақстан Республикасының заңи қарауындағы жер бетіндегі, теңіздегі, әуедегі, ғарыштағы және өзге де объектілерде, сондай-ақ теңіз акваторияларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша орналасқан шетел объектілерінде жұмыс істейтін, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды жобалауды, салуды (орнатуды), сатып алуды (сатуды), тіркеуді, пайдалануды және шетелден әкелуді жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті.

3. Осы Ереженің күші мыналарға:

1) Радиожиілік жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссияның шешімімен олардың пайдалануы үшін бөлінген өрістерінде не Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің радиожиіліктермен қамтамасыз етуіндегі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес

жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитетінің (ұшуларды қамтамасыз ету құралдары мен әуе қозғалысын басқару бөлігінде) қолдануы және пайдалануы үшін арналған радиоэлектрондық құралдарға. Радиоэлектрондық құралдар мақсатынан тыс немесе коммерциялық мақсаттарға, не Радиожиілік жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссия бөлген жиілік белдеуінен тыс пайдаланған жағдайда, осы Ереженің күші оларға қолданылады;

2) теле- және радиохабар бағдарламаларын жеке қабылдауға арналған радиоэлектрондық құралдарға, радиосәулелену құрылғылары жоқ тұрмыстық электроника бұйымдарына қолданылмайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.06. N 936 қаулысымен .

2-тарау. Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың (сатудың), тіркеудің, жобалаудың, салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің тәртібі

4. Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алу (сату), жобалау салу (орнату), пайдалану және шетелден әкелу байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

Сатып алуға (сатуға), жобалауға, салуға (орнатуға), пайдалануға және шетелден әкелуге рұқсат талап етілетін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың түрлерін байланыс саласындағы уәкілетті орган анықтайды .

Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың рұқсат құжаттарын ресімдеудің және тіркеудің тәртібін байланыс саласындағы уәкілетті орган анықтайды .

5. Радиоэлектрондық құралдарды пайдаланудың радиожиілік спектрін пайдалануға белгіленген тәртіппен байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін және радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін ақы төлеген жағдайда, жарамды болып табылатын рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды жеткізуді және/немесе сатуды байланыс саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады .

Заңды және жеке тұлғалар тек сертификатталған радиоэлектрондық құралдарды жеткізу мен сатуды, радиоэлектрондық құралдарды сатып алуға байланыс саласындағы уәкілетті орган берген, белгіленген үлгідегі рұқсаты болғанда жүзеге асырады .

Бұл ретте радиоэлектрондық құралдарды жеткізу мен сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар, одан әрі бақылау үшін, уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша сатылған радиоэлектрондық құралдардың есебін міндетті түрде оның иесін, санын, үлгісін және сериялық нөмірін көрсете отырып жүргізеді.

7. Меншік нысанына және радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың мақсатына қарамастан, жеке және заңды тұлғаларға тиесілі радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар міндетті түрде тіркелуге жатады.

8. Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеуді, белгіленген үлгідегі сауалнамасы қоса беріліп, жеке немесе заңды тұлғалар ұсынатын өтінімнің негізінде оларды пайдалану орны бойынша байланыс саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

9. Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу, олардың иесіне тиісті рұқсатсыз пайдалануға енгізу құқығын бермейді.

10. Радиоэлектрондық құралдар мен электр байланыс құралдарын салуға жер учаскесін таңдау байланыс саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша, салынатын құралдардың пайдаланыстағы және осы ауданда құрылысы бұрын жобаланған радиоэлектрондық құралдармен және электр байланыс құралдарымен электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз етуді есепке ала отырып әрі радиотаратушы және радиоқабылдаушы құралдарды орналастыру аймақтарын ескере отырып, жүргізіледі.

Радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін сараптау олардың құрылысы үшін жер учаскесін таңдау процесі кезінде жүргізіледі және байланыс саласындағы уәкілетті органмен келісіледі.

11. Қазақстан Республикасында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды әзірлеу, жетілдіру, топтап шығару, сондай-ақ радиожиілік спектрін пайдалана отырып, радиоэлектрондық құралдарды жобалау жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу осы мақсаттар үшін 9 кГц-тен 400 ГГц-ке дейінгі жиіліктер өрісінде Қазақстан Республикасының Радиоқызметтері арасында жиіліктер белдеуін бөлу кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Радиожиіліктер жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссиясы тиісті жиіліктер өрістерін (белдеулерін) бөлгеннен кейін ғана жүргізіледі.

12. Азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың өзара әсерін болдырмау және электромагниттік үйлесімділік нормаларын сақтау мақсатында объектілерде және ғимараттардың төбелерінде радиотаратушы құралдардың антенна-фидерлік қондырғыларын орнату байланыс саласындағы уәкілетті органның келісімімен жүргізіледі.

Объектілерде және ғимараттардың төбелерінде радиотаратушы құралдардың антенна-фидерлік қондырғыларын орнату кезінде уәкілетті санитарлық қадағалау органының келісімі міндетті түрде қажет.

12-1. Мемлекеттік ақпараттық ресурстардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар мен ұйымдардың объектілерінде және ғимараттарының төбелерінде тек ведомствоішілік байланыстың радиотаратқыш құралдарының антенналық-фидерлік құрылғыларын орнатуға жол беріледі.

Мемлекеттік органдарда, ұйымдарда орнатылатын радиоэлектрондық құралдар үшін арнайы бөлінген техникалық үй-жайлар режимдік үй-жайлар мен есептеу техникасы құралдары объектілерінен кемінде 10 метр қашықтыққа а л ы с т а т ы л у ы т и і с .

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.02.24. N 124 қ а у л ы с ы м е н .

13. Нәтижелері бойынша белгіленген тәртіппен пайдалануға енгізу актісі жасалатын және тіркеу жүргізілетін қабылдау өткізілгеннен кейін ғана радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға рұқсат етіледі. Радиожеліні жабу, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды ауыстыру, оларды пайдаланыстан шығару байланыс саласындағы уәкілетті органды міндетті түрде жазбаша хабарландыра отырып, бір ай мерзімде жүргізіледі.

14. Қазақстан Республикасының аумағындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктеріне орнатылатын радиоэлектрондық құралдарды пайдалану Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша уәкілетті орган беретін рұқсаттың негізінде жүргізіледі.

15. Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды шетелден әкелу белгіленген тәртіппен байланыс саласындағы уәкілетті орган беретін рұқсаттар бойынша жүзеге асырылады. Әкелуге рұқсат етілген жабдықтар тізбесін байланыс саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

16. Әкелінетін радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар Қазақстан Республикасында радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес келген жағдайда, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды әкелуге арналған рұқсат жүкті кедендік ресімдеу орны бойынша беріледі.

Кедендік ресімдеуден кейін және радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды алғаннан кейін жеке және заңды тұлғалар алынған радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы байланыс саласындағы уәкілетті органның аумақтық басқармаларына белгіленген нысан бойынша мәліметтер тапсыруға міндетті.

Әкелуге рұқсат бізмезгілдік болып табылады және радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды рұқсатта көрсетілген мерзімде және көрсетілген мөлшерде әкелуге құқық береді.

17. Байланыс саласындағы уәкілетті орган сертификаттау сынақтарын жүргізу мақсатында радиоэлектрондық құралдарды әкелуге арналған рұқсатты сертификаттау сынақтарынан өтпеген жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағынан радиоэлектрондық құралдарды әкету туралы кепілдемелік міндеттемелерді ұсынғаннан кейін екі айға дейінгі мерзімге береді. Сертификаттау жүргізу үшін радиоэлектрондық құралдардың әр үлгісінің саны о н н а н а с п а у ы т и і с .

18. Ғаламдық жылжымалы спутник байланысының қолданыстағы терминалдарын уақытша әкелу кедендік бақылаудан өткен кезде мағлұмдамада радиостанцияның (терминалдың) үлгісі, иесі туралы мәліметтер (тұратын елінде оның тұлғасын куәландыратын құжат бойынша) көрсетіліп, қайта әкету туралы міндеттеме бойынша жүзеге асырылады.

19. Криптографиялық қорғауы бар радиоэлектрондық құралдарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу белгіленген тәртіппен, көрсетілген құрылғылардың радиоэлектрондық құралдардың құрамында бар екенін кеден органдарында міндетті түрде тіркеумен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің рұқсаты негізінде жүргізіледі. Көрсетілген құрылғылардың тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілейді. Криптографиялық қорғауы бар радиостанциялардың (терминалдардың) жұмыс істеуі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау бөлігінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

20. Арнайы техникалық құралдар мен екі ұдай мақсаттағы техникалық құралдарға, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатқызылған радиоэлектрондық құралдарды шетелден әкелуге, сатып алуға (сатуға) рұқсатты белгіленген тәртіппен келісілген тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары мен байланыс саласындағы уәкілетті орган р е с і м д е й д і .

21. Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды иелерінің басқа жеке және заңды тұлғаларға тұрақты немесе уақытша пайдалануға беруі байланыс саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша тиісті рұқсат беру құжаттары ресімделген жағдайда, рұқсат етіледі.

Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды құқықтық мирасқорлық (мұрагерлік) тәртібімен алған жағдайда, құқықтық мұрагер байланыс саласындағы уәкілетті органда тиісті рұқсаттарды өз атына қайта ресімдейді.

3-тарау. Жауапкершілік және бақылау

22. Осы Ережені бұзғаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

23. Заңды және жеке тұлғаларға тиісті рұқсат алу үшін өтініш берген кезде мәліметтердің растығына жауапкершілік жүктеледі.

24. Байланыс саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) сертификаттар мен тиісті рұқсаттардың болуын тексеруге;
- 2) радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды сатып алудың, жобалаудың, сатудың, салудың (орнатудың), пайдаланудың және шетелден әкелудің тәртібі бұзылғаны туралы актілер жасауға, сондай-ақ осы бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беруге құқылы.

25. Әкімшілік жазалар қолдануға көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті органның Астана және Алматы қалалары бөлімшелерінің және облыстық бөлімшелерінің бастықтары құқылы.

4-тарау. Қорытынды ережелер

26. Байланыс саласындағы уәкілетті орган осы Ережеге сәйкес өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруда министрліктермен, ведомстволармен, заңды және жеке тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

27. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі күнделікті жұмысында және радиоэлектрондық құралдармен және/немесе жоғары жиілікті құрылғылармен жабдықталған автокөліктердің техникалық байқауын жүргізу кезінде автомобильдер мен басқа да көлік құралдарында радиоэлектронды құралдарды және/немесе жоғары жиілікті құрылғыларды орнатуға байланыс саласындағы уәкілетті органның рұқсаты болуына бақылау жасайды.

28. Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды заңсыз пайдаланудың жолын кесуді қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес байланыс саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігімен және Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігімен (қаржы полициясы) бірлесіп жүзеге асырады. <*>

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.06. N 936 қаулысымен.

29. Қазақстан Республикасының кеден органдары кедендік ресімдеу орындарында Қазақстан Республикасының аумағына әкелу кезінде байланыс

саласындағы уәкілетті органға әкелінген радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар туралы тоқсан сайын ақпарат ұсына отырып, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларға байланыс саласындағы уәкілетті орган берген рұқсаттың болуын талап етуге міндетті.

29-1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда радиоэлектрондық құралдарды орнатуды, оларға техникалық қызмет көрсетуді (жөндеу, профилактикалық жұмыстар), айырбастауды, пайдаланудан алуды осы мемлекеттік органның, ұйымның мамандандырылған бөлімшелері жүзеге асырады.

Мамандандырылған бөлімшелер болмаған жағдайда радиоэлектрондық құралдарды орнату, оларға техникалық қызмет көрсету (жөндеу, профилактикалық жұмыстар), айырбастау, пайдаланудан алу жөніндегі жұмыстарды орындаушы ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі.

Ескерту. 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.02.24. N 124 қаулысымен.

30. 27-29-1-тармақтарды іске асыру тетігін және орындау тәртібін тиісті министрліктер мен ведомстволар анықтайды.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.24. N 124 қаулысымен.